

Талдысай жалпы орта білім беретін мектебінің 11 а класының 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының талдауы

Мектебіміздің 11 а класында 15 оқушы білім алды. Олардың 7-уі қыз бала, 8-і ер бала. Кластың тәртібі жақсы. Балалар бір-бірімен тату. Жыл соңында кластың білім сапасы -87%-ды көрсетті. Оқу озаты - Бақытқали Нариман, Балтагул Сымбат, Амангелдин Әлішер, екпінділер: Ермекова Дильназ, Ермекова Гүлназ, Сарсенова Перизат, Қуандық Алдияр, Қуанышбаева Айнұрлы, Есенғалиев Нұрхат, Жолдасбаев Бегарыс. Кластың оқушылары мектепте, ауданда, облыста өткен жарыс, байқауларға үнемі қатысып отырды. Кластың оқушылары белсенді, спортқа бейімді, көпшіл, білім алуға деген ынтасы зор.

Оқу жылының басында, қазан айында тойланатын ұстаздар мерекесіне орай, мектептегі білім берген мұғалімдеріне құттықтау бейнеролигін жазып жолдап, мектеп акт залында «Ұстазым, менің, ұстазым» атты концертке қатысып, білім берген ұстаздарына ақ тілек, алғыстарын жаудырып, ән шырқап, би билеп өнер көрсетті. «Алтын күз» мерекесіне де бір түсті сары киімдер киіп, белсенділіктерін көрсетіп қатысты. Барлық бірлестіктер бойынша өткізілген апталықтарға атсалысып отырды. Соның ішінде, Филология бірлестігі бойынша пән мұғалімі Т.К. Турежанова өткізген 10-11 сыныптар арасында «Ғабит Мүсірепов-көркем сөз зергері» тақырыбындағы танымдық сабақта жазушыны жан-жақты танып-білуде, бейнеролик тамашалап, берілген түрлі тапсырмаларды орындап, жазушы шығармасынан көрініс қойып өз шеберліктерін байқатты. 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне «Тәуелсіздік елімнің ерлік жолы» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі өткізген дөңгелек үстелге өте жақсы қатысып, апайларға сұрақтар қойып, өз пікірлерін ортаға салып отырды. Соңында «Көк тудың желбірегені» әнімен қорытындылады. Мектепшілік пәндік олимпиадаға кластан 8 оқушы қатысып, аудандық олимпиадаға 5 жолдама алды. Аудандық пәндік олимпиададан Есенғалиев. Н математика пәнінен -2 орын, Амангелдин. Ә тарих пәнінен -3 орын, Сарсенова. П-биология пәнінен алғыс хатпен марапатталды. Жаратылыстану пәндері апталығында Ж. Әлкенов ағайдың «Әскери роботтардың техникалық негіздері» тақырыбындағы ашық сабағына түгел қатысып, өз білгендерін ортаға салып, мозаика құрастырып, шағын жоба қорғады. Осы апталықта С. Сәкенайдың жас мамандар мен 10-11 кластар арасында өткізген «Ойын емес» тимбилдингін де белсенді қатысты. Наурыз айында 1 наурыз Алғыс айту күніне ата-анаға, ұстаздарға құттықтау бейнеролигін жолдады. 8 наурыз мерекесіне арнап өткізілген концертте кластың ер балалары аналарға жыр жолдарын оқып, көптің көңілінен шықты. Мамыр айында Аудандық әскери көпсайыс жарысына мектептен топ құрылып, топ құрамына класымыздың 4 оқушысы - Амангелдин. Ә, Есенғалиев. Н, Қуандық. А, Кершетаев. Б кірді. Әскери жарыста жақсы дайындықпен көзге түсіп, жылдам қимылдап, оза шауып бәйге алған топ 1 орынды иеленіп, Талдысай мектебінің мерейін арттырды. Мектеп қабырғасындағы соңғы апта «Бала шақтан болашаққа» тақырыбындағы түлектер аптасы болып белгіленді. Апталықта «Бүгінгі жас түлек-болашақ тұлға» пән мұғалімдерімен кездесу, «Мақсат айқын болса, армандар орындалады» ашық тәрбие сағаты, 10 класс оқушыларының түлектерге арнаған концерті ұйымдастырылды. Бұл шаралар өте қызықты және жоғары деңгейде өтті. Класымыздың осындай белсенді, табанды, өз елін шексіз жақсы көретін патриоттары ертеңгі күні де болашағы зор болатынына сенім тудырады.

Сынып жетекшісі:

Т.К. Турежанова